

Өзен мұнай кен орнын оңалту жобасын одан әрі іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 16 шілде N 989

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігіндегі мемлекеттік емес сыртқы заемның желісі бойынша Өзен мұнай кен орнын оңалту жобасын одан әрі іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Өзен мұнай кен орнын оңалту жобасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігіндегі мемлекеттік емес сыртқы заемның есебінен инвестицияланады және қаржыландырылады деп белгіленсін.

2. "Қазақойл" ұлттық мұнайгаз компаниясы" жабық акционерлік қоғамына:

1) Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкі арасындағы 1996 жылғы 18 шілдедегі Заем туралы келісім (Өзен мұнай кен орнын оңалту жобасы) бойынша (бұдан әрі - Заем туралы келісім) бұрын тартылған заем жөнінде қарыз алушы болу;

2) осы қаулыдан туындайтын тиісті келісімдердің ресімделуін жүргізу ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Заем туралы келісім бойынша бұрын тартылған заемды жаңа қарыз алушыға - "Қазақойл" ұлттық мұнайгаз компаниясы" жабық акционерлік қоғамына қайта ресімдеудің рәсімін жүзеге асырсын;

2) "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 16 желтоқсандағы Заңымен бекітілген лимиттің шегінде, жалпы сомасы 109 000 000 (жүз тоғыз миллион) АҚШ долларындық Заем туралы келісімге сәйкес бұрын тартылған заем жөнінде кепілдік шартын ресімдеуді жүргізсін.

4. Жобаның іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының

Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулының атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.
Орынбекова Д.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ